

## ХАТТАМА 1

### Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы «2022-2023» оқу жылы тегін тамақты ұйымдастыру»

01.09.2022 ж.

Еркіншілік ауылы  
мектебі» КММ  
Қатысты: 11  
Қатыспады: 0

«Еркіншілік ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ  
Басталды: 15.00  
Аяқталды: 16.00

#### Күн тәртібі:

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамын құру, бекіту, ережесімен танысу. (Исатаева Б.Г.)
2. 2022-2023 оқу жылына тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын бекіту. (Исатаева Б.Г.)
1. Асхананың дайындығы туралы. (Жаба А.)

**Тыңдалды 1-сұрақ** бойынша мектеп директоры Исатаева Б.Г. ҚР ДСМ-нің 2009 ж. 18 қыркүйектегі № 611 «Білім беру нысандарына арналған санитарлық-эпидемиялық талаптар» бұйрығын негізге ала отырып, қатысушыларды 2022-2023 оқу жылының бракераждық комиссия құрамымен таныстырды.

Комиссия төрайымы мектеп директоры Исатаева Бакит Гапбасовна  
Мүшелері:

1. Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Байтасова Шолпан Шакеновна
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Кайратгул
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А.
3. Координатор Депудат Наурызгул
4. Мектеп медбикесі Жаба Ақерке

Ата-ана комитеті мүшелері:

1. Хашабай Жазира
2. Воронько Валентина
3. Авен Даулет
4. Омарова Асима
5. Сабигат Асима
6. Хивай Мария
7. Бусурманова Рысжан.

Сонымен қатар мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы туралы ережесімен таныстырды. Ереже негізгі 3 тараудан тұрады: жалпы ереже, негізгі міндеттері, жұмыс түрі мен мазмұны.

**Тыңдалды 2-сұрақ** бойынша Исатаева Бакит Гапбасовна. Ол комиссия мүшелерін 2022-2023 оқу жылына тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарымен таныстырды.


Комиссия отырысы жылына 4 рет өткізіліп, хаттама жазылады, сынып жетекшілерімен түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Айына 1 рет тамақ өнімдерін жеткізетін транспорт, тағамдарды дайындау және сатып алу мерзімдері бақыланады, ыстық тағам дайындау технологиясы қадағаланады. Күнделікті ас мәзірі қадағаланып, тағам сақталатын орындарды бақыланады. Жылына 2 рет ата-аналар комитетінің отырыстарында, жиналыстарда тегін тамақ сұрақтары қаралады.

**Тыңдалды 3-сұрақ** бойынша мектеп медбикесі Жаба Ақерке.

Жазғы демалыс кезінде асханаға жаппай жөндеу жұмыстары жүргізілді: төбесі, қабырғалары ақталып, тазартылды. Барлық ыдыс-аяқтар мен қажетті құрал жабдықтар маркаланған. Аспазшылар арнайы медициналық тексерістен өткен. Арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Тағам сақтайтын арнайы орындар бар. Ыдыс, қол жуатын орындар бар. Суық су жылытатын құрылғы бар. Арнайы дезинфекциялық құралдармен қамтылған. Әр күн сайын күнделікті ас мәзірі АББ бекітілген асмәзіріне сәйкес дайындалады. Асхананың дайындығын қанағаттанарлық деп есептеуге болады.

#### **Қабылданған қаулы:**

1. Хабарды мәліметке алу.
2. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия комиссия құрамы бекітілсін.
3. 2022-2023 оқу жылына тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның іс-шаралар жоспары бекітілсін.
1. Асхананың дайындығы қанағаттанарлық деп есептелініп, оқушылардың сапалы тамақтануын жауаптылар үздіксіз бақылауда ұстасын.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысының төрайымы, мектеп директоры  Исатаева Б.Г.

Хатшысы:



Жаба Ақерке